

ФИЛОЛОГИЯ

ӘОЖ 82-13; МҒТАР 17.01.09

<https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.01>С. ҚҰЛБАРАҚ¹, Ұ. СӘМЕНҚЫЗЫ², Б. ОРЫНБАСАР³¹филология ғылымдарының докторы, профессор
М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университеті
(Қазақстан, Тараз қ.), e-mail: samen-56@mail.ru²М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің PhD докторанты
(Қазақстан, Тараз қ.), e-mail: ulpan.samenkyzy@mail.ru³М.Х. Дулати атындағы Тараз өңірлік университетінің оқытушысы
(Қазақстан, Тараз қ.), e-mail: bagi1986@mail.ru

М.Х. ДУЛАТИДІҢ «ЖАҒАН НАМЕ» ДАСТАНЫ

Аңдатпа. XVI ғасыр тұлғасы Мұхаммед Хайдар Дулати (1499–1551) – атақты тарихшы ғана емес, ірі шығармашылық иесі. Оның танымал «Тарих-и Рашиди» еңбегі – жанрлық тұрғыдан тарихи-мемуарлық шығарма. Образдардың жасалуы мен құрылымы, тілдік ерекшеліктері жағынан көркем туынды талаптарына жауап береді. Ал «Жаған наме» дастаны – таза әдеби, поэзиялық шығарма. Шығыстық әдеби дәстүр үлгісінде жазылған поэмада ақын махаббатты жырлайды. Шығарма аңыздық желіге құрылғанымен, әке-шеше мен бала, достар арасындағы туыстық, бауырмалдық қарым-қатынас күрделі оқиғамен суреттеледі. Сондай-ақ дастанның сюжетінен мұсылмандық дүниетаным, Аллаға шын берілген құлшылық сезімі көрініс береді. Мемлекет басқару жайы айтылады. Поэmanın кіріспесінде автор шығарманың жазылу тарихынан хабар беріп, өзі куә болған тарихи оқиғаны қоса баяндап өтеді. Поэма туралы әдебиеттанушы ғалымдар тарапынан құнды пікірлер айтылды. Академик, шығыстанушы ғалым Ә. Дербісәлі дастанды көне шағатай тілінен қазақ тіліне аударуымен қатар, терең талдауға құрылған көлемді мақала жазды. Зерттеуде Ә. Дербісәлі мақаласы методологиялық негізге алынып, әдеби-танымдық тұрғыдан талдау жасалынып, өзіндік көзқарас, тұжырымдар ұсынылды. Мақалада мәтіндік, көркемдік талдау, салыстыру әдістері қолданылды. Дастан әдеби айналымға кеңінен енгізілгені тиіс. Қазақ әдебиеті тарихының бастауларынан маңызды орын алатын құнды туынды саналады. Ақынның гуманистік ой-толғамдары бүгінгі күн үшін де маңызды.

Кілт сөздер: түркілік-мұсылмандық дүниетаным, автор бейнесі, аңыздық желі, шарттылық.

***Бізге дұрыс сілтеме жасаңыз:**

Құлбарақ С., Сәменқызы Ұ., Орынбасар Б. М.Х. Дулатидің «Жаған наме» дастаны // *Ясауи университетінің хабаршысы*. – 2023. – №4 (130). – Б. 7–17. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.01>

***Cite us correctly:**

Qulbaraq S., Samenkyzy U., Orynbasar B. M.H. Dulatidin «Jahan name» dastany [The Dastan of M.H. Dughlat «Jahan-nama»] // *Iasauı universitetinin habarshysy*. – 2023. – №4 (130). – B. 7–17. <https://doi.org/10.47526/2023-4/2664-0686.01>

S. Kulbarak¹, U. Samenkyzy², B. Orynbasar³

¹Doctor of Philological Sciences, Professor

M.H. Dulaty Taraz Regional University

(Kazakhstan, Taraz), e-mail: samen-56@mail.ru

²PhD Doctoral Student of M.H. Dulaty Taraz Regional University

(Kazakhstan, Taraz), e-mail: ulpan.samenkyzy@mail.ru

³Lecturer of M.H. Dulaty Taraz Regional University

(Kazakhstan, Taraz), e-mail: bagi1986@mail.ru

The Dastan of M.H. Dughlat «Jahan-nama»

Abstract. The person of the XVI century Muhammad Haidar Dughlat (1499–1551) was not only a famous historian, but also a major creative owner. His popular work «Tarikh-i-Rashidi» is a historical and memoir work from a genre point of view. Meets the requirements of a work of art in terms of the creation and structure of images, language features. And the dastan «Jahan-nama» is a purely literary and poetic work. In the poem, written on the example of the eastern literary tradition, the poet sings about love. Although the work is built on a legendary line, the relationship between parents and children, friends, kinship and brotherhood are described by a complex story. Also, the plot of the dastan reflects the Muslim worldview, a sense of true worship of Allah. The state administration is mentioned. In the introduction to the poem, the author tells about the history of writing the work, including the historical event that he witnessed. Valuable opinions were expressed about the poem by literary scholars. In addition to translating the dastan from the ancient Chagatai language into Kazakh, academician, Orientalist A. Derbisali wrote a voluminous article based on a deep analysis. In the study A. Derbisali's article was based on a methodological basis, a literary and cognitive analysis was carried out; its own views and conclusions were presented. The article used methods of textual, artistic analysis, comparison. The dastan should be widely included in the literary circulation. It is a valuable work that occupies an important place in the history of Kazakh literature. The poet's humanistic reflections are also important for today.

Keywords: The Turkic-Muslim worldview, the image of the author, the legendary line, conditionality.

С. Кульбарак¹, У. Саменкызы², Б. Орынбасар³

¹доктор филологических наук, профессор

Таразский региональный университет имени М.Х. Дулати

(Казakhstan, г. Тараз), e-mail: samen-56@mail.ru

²PhD докторант Таразского регионального университета имени М.Х. Дулати

(Казakhstan, г. Тараз), e-mail: ulpan.samenkyzy@mail.ru

³преподаватель Таразского регионального университета имени М.Х. Дулати

(Казakhstan, г. Тараз), e-mail: bagi1986@mail.ru

Дастан М.Х. Дулати «Жахан-наме»

Аннотация. Личность XVI века Мухаммад Хайдар Дулати (1499–1551) – не только известный историк, но и крупный творческий человек. Его популярная работа «Тарих-и Рашиди» – историко-мемуарное произведение в жанровом плане. Отвечает требованиям художественного произведения с точки зрения создания и структуры образов, языковых особенностей. А дастан «Жахан-наме» – чисто литературное, поэтическое произведение. В поэме, написанной по образцу Восточной литературной традиции, поэт воспеваает любовь. Произведение иллюстрируется сложными историями дружеских, братских, родственных отношений, отношений между родителями и детьми, хоть и построено в стиле легенды.

Также в сюжете дастана отражается мусульманское мировоззрение, чувство искреннего поклонения Аллаху. Упоминается состояние управления государством. Во введении к поэме автор рассказывает историю написания произведения, включая историческое событие, свидетелем которого он стал. О поэме были высказаны ценные мнения со стороны ученых-литературоведов. Академик, ученый-востоковед А. Дербисали, помимо перевода с древнеказахского языка на казахский язык, написал обширную статью, основанную на глубоком анализе. В исследовании был проведен литературно-познавательный анализ и представлены собственные взгляды, выводы, методологической основой которых стала статья А. Дербисали. В статье использованы методы текстового, художественного анализа, сравнения. Дастан должен получить широкое распространение в литературном мире. Это ценное произведение, занимающее важное место в истории казахской литературы. Гуманистические мысли поэта важны и сегодня.

Ключевые слова: тюркско-мусульманское мировоззрение, образ автора, легендарная линия, условность.

Кіріспе

XVI ғасыр перзенті, «Тарих-и Рашиди» еңбегінің авторы Мұхаммед Хайдар Дулатидің ақындық дарынының жоғары болғанын «Жаһан наме» дастаны айғақтайды. Автордың көркем туынды табиғатын түсінген және өз заманының әдеби дәстүрін жақсы білген. Дастанды Берлин кітапханасынан кездейсоқ тауып, 1937 жылы шығарма туралы алғаш неміс тілінде мақала жазып, авторлығын анықтаған башқұрт ғалымы Ахмет Зәки Валиди (1891–1970) болды [1]. Бұл тұжырымды ағылшын шығыстанушысы Ч.А. Стори (1888–1967) қуаттаса [2], белгілі шығыстанушы ғалым Т.И. Сұлтанов оның поэзияға жақын болғанын, түркі және парсы тілдерінде қатар жазғанын, «Аяз» атты лақап аты болғанын айтты [3, 116-б.].

Дастанды көне шағатай тілінен аударып, қазақ оқырмандарына жеткізуші – академик, белгілі дулатитанушы Ә. Дербісәлі. Ол сонымен қатар шығарма туралы «Жақсыдан қалған жәдігер» атты іргелі мақаласын жазды [4, 3–47-бб.]. Белгілі ғалымдар Ө. Күмісбаев [5], Қ. Әбдәзұлы [6], С. Қосан [7], С. Құлбарак [8] поэманы әр қырынан талдаған мақалаларын жариялады.

Мақаланың жаңалығы дастанның тақырыптық-идеялық ерекшелігі, оқиғаның шебер өрбітіліп, образдардың даралануы, құрылым мен тіл байлығы, шығыстық әдеби дәстүрмен байланыстылығы біртұтас қарастырылды. Туындыдағы түркілік-мұсылмандық дүниетаным, қазақ эпосы мен шығыстық қисса-дастандардағы сюжетті өрбіту сабақтастығы зерттелді.

Зерттеу әдістері

Мақалада көтерілген мәселеге қатысты көптеген зерттеу еңбектері қарастырылып, шетелдік, отандық ғалымдардың пікірлері зерделенді. Дастанға мәтіндік талдау жүргізіліп, қазақ халқының эпостық жырларымен байланысы салыстырылды. Тақырыптық-идеялық, образдық, көркемдік ерекшеліктері теориялық тұрғыдан талданып, биографиялық, тарихи-әлеуметтік, құрылымдық-сипаттамалық әдістер қолданылды. Шығарманың тарихи-өмірбаяндық ерекшелігін, аңыздық желіні пайдалануын, орта ғасырлық әдебиетпен дәстүрлік сабақтастығын анықтауда герменевтикалық, психоаналитикалық, кешенді әдіс-тәсілдер негізге алынды.

Талдау мен нәтижелер

«Жаһан наме» дастанындағы авторлық дүниетаным, тарихилық сипат және шығармашылық психологиясы. Дастан кіріспесі мұсылмандық әдеби дәстүр Аллаға мадақ жырымен басталғанмен, автордың өмір туралы, адам өмірінің бейопалылығы туралы

философиялық көзқарастарымен ұштасады. Пәни дүниеде күн мен түннің алмасып тұратыны тәрізді, адам өмірі қуаныш пен қайғыдан болатыны метафоралық толғаныспен берілген.

Тауып әрқайсысы өзінше кемел,

Табар солай кемеліне жетісімен – зауал, -

дейді ақын. Автор толғауындағы *кемел, зауал* – философиялық ұғым. Адам баласы *кемелге* жеттім дегенде, оған уақытпен бірге ілесіп *зауал* таянады. *Опасыз ғой бұл дүние, ей дос! Она болған болса, қане, ол мейірім* [4, 49-б.], - дейді ойшыл ақын толғанып. Қысқа ғұмырында ол тіршіліктің талай жақсы жақтары мен қиындықтарын, әділдік пен зұлымдықтың аяусыз беттесуін көрген. Бұл жөнінде «Тарих-и Рашиди» шежірелік кітабында жазған. Сондықтан да автор пайымы өз өмірінің тәжірибесінен алынған. Жаратылыстың адамзатты тәубеге келтірер қатал үкімі осы. XII ғасырдағы түркі әдебиетінің көрнекті өкілі Ахмет Йүгінекидің Алланы, Пайғамбарды және төрт сахабаны мадақтаудан басталатын «Ақиқат сыйы» шығармасында да осы ой басқа метафоралық қолданыспен өзек болады.

Өмір тәтті, бүгін қолың жеткенде,

Удай ащы, ертең тастап кеткенде.

Қайда балы – сонда арасы бір жүрер,

Балдан бұрын татып көрші зәрінен [9, 86-б.], -

дейді ақын. *Кемел, зауал* ұғымы мұнда *тәтті өмір, удай ащы, бал, зәр* сөздерімен алмастырылған. Адам өмірінің бейопалығы мен Хақты сүю мотиві Қожа Ахмет Йассауи хикметтерінде де жалғасын тапқан [10, 60–61-бб.]. Бұл үрдіс кейін Абай, Шәкәрім туындыларының да басты өзегіне айналған.

Кіріспе бөлімде, сондай-ақ, дастанның жазылу тарихы мен оған себеп болған жағдайлар әңгімеленеді. Автордың бейбіт тұрмысты аңсаған гуманизмі көрінеді. «Тарих-и Рашиди» еңбегінде айтылатын Саид ханның Қашқарға жорығы, Қашқарды билеген Әбу Бәкір әмірдің қаталдығы мен халыққа жасаған қиянаты дастанда ықшамдалып, өлең жолдарымен бейнеленген. Тарихи-шежірелік еңбек пен дастанның бір автордың қолынан шыққандығы тарихи оқиғалар мен өмірбаяндық деректердің сәйкес келуімен дәлелденген. Дастанда Әбу Бәкір жағымсыз сипаты мен Саид ханның тектілігі, елге жасаған жақсылығы қатар алынып, ел билеушілерінің қарама-қарсы образдары жасалған. Автордың бір кездегі шығармашылық ойы кең көлемді тарихи дастан жазуда болған тәрізді. Көп қамқорлығы мен жақсылығын көрген Саид ханның қасында болып, оған қалтқысыз қызмет жасауы ақынның ең бақытты жылдары болғаны кіріспеде жырланады. *Тағдырдың зорлық, зұлымдығын ұмыт етіп, Шаттық, қуаныш кесесін нәр етіп. Жүруші едім тып-тыныш қуанышты, Тағдырдың зорлық, зұлымдығынан құтылғандай*, - дейді ақын. Қалам иесін шаттыққа бөлеген жақсы күндер тарихи кітапта кеңінен баяндалады.

Кіріспеде дастанның жазылу кезеңі сипатталады. Хан бұйрығымен жорыққа шығып, 1529 жылы Бадахшан өлкесінің орталығы Қала-и зафарды қоршауға алады. Бұл жерде ол бұдан жиырма жылға жуық уақыт бұрын да болған. Жақсы достар тауып, жақсы күндерін өткізген. Міне, сол бақ, дала, үйлер өзгеріссіз тұр, ал бір кездегі достар жоқ. Қамқорлығын көрген Мырза Хан – Бабыр да дүниеден озған. *Құлазып көңілім, ойым тым зарлы, Қатты жыладым егіліп ұзақ*, - дейді ақын. Ә. Дербісәлі *соның бәрі жүрегіне мұң байлайды. Өзін енді қайғы, қасіреттен сейілту үшін ол осы поэмасын жазуға кіріседі* [4, 11-б.], - дейді.

Түйіндей айтқанда, шығарманың кіріспе бөлімінің мағынасы терең. Хақты сүю, хазіреті Мұхаммед (оған Алланың салауаты мен сәлемі болсын) пайғамбар мен оның төрт серігін (Әбу Бәкір, Омар, Осман, Әлі) дәріптеу – автордың мұсылмандық-түркілік дүниетанымын білдірсе, өз өмірінің қиын кезеңдері мен тағдыр жолықтырған тарихи тұлғаларды бейнелеуі – дастанның тарихи-автобиографиялық жанрлық ерекшелігін танытады.

Кейіпкерлер әлемі. Шаһсауар патша. Қиял-ғажайыптық сипаттағы туындыларда асқан байлық иесі болса да, кейіпкердің бір перзентке зар болу желісі жиі қолданылады. Дастанда

шығарманың бас кейіпкерлері Шаһсауар патша мен оның ұлы Фируз шаһты даралауда осы желі пайдаланылған. *Бірақ екі жүзге жақын ол жасқа жетсе де, бітпен еді бір жас [бала] оған. Бұл қайғыдан шерлі еді, Ұлы жоқтық отында күйген еді,* - дейді. Бұл мотив халық әдебиеті нұсқаларында жиі кездеседі. «Қобыланды батыр» жырында бір перзентке зар болған Тоқтарбайдың жай-күйі: *Сексенге жас келгенше, Бір бала көрмей Тоқтарбай Қайғыменен қан жұтып, Ақылынан адасқан* [11, 15-б.], - деп суреттеледі.

Дастанда Шаһсауар патша тілегі қабыл болып, ұлының атын Фируз шаһ қояды. Ол түрлі көңіл-күйді бастан кешіреді. Бірде баласына қатысты қуанса, тағы бірде қатты қайғыланады. Енді бірде сабырға келіп, Алладан тілек тілейді. Автор кейіпкердің жан азабын әр алуан ситуация шындығымен (аңшылыққа шыққан Фируз шаһтың киікті қуып, көп уақыт бойы хабар-ошарсыз кетуі) байланыстырып, сенімді әрі көркем суреттейді. *Қай жаққа кетті бауыр еті[м], Бітер ме мендегі бұл жүрек жарасы. Барыс етті ме қорек бишараны? Алып кетті ме тау арасына аждаһа? Суға батты ма, жұтты ма яки жайын? Әуеге әкетті ме самұрық яки бөлшектеп?* – деп келетін сұраулық мағынадағы сөзді дамыта пайдаланады. Кейіпкер психологиясын ойды үстемелеп ашуы – поэтикалық қуатқа ие, әсерлі шыққан. Эпостық туындыларда «бір перзентке зар болу» желісінің психологиялық дәлелдемелері әр түрлі болады. «Қобыланды батыр» жырындағы Тоқтарбай мен Аналық, «Алпамыстағы» Байбөрі бай басындағы хал жастарының ұлғаюымен байланысты өрбісе, Майкөт ақын жырлаған «Ер Нәрік» жырында туған інісінен «қақбас», «баласызсың» деген ауыр сөздерді естумен оқиға желісі дамиды. «Ер Нәрік» жырының сюжеті баласыздықтан бастан кешкен ауыр тағдырға құрылады. «Бір перзентке зар болу» желісі «Жаһан намеде» оқиғаның бір кезеңі болып суреттеліп, қысқа қайырылған. Дегенмен, осы ұқсастықтан автордың түркілік дүниетанымы, оның халық әдебиетімен жақсы таныс болғаны аңғарылады.

Шаһсауар патшаға баласынан айырылу ауыр тиген. Бұл қайғыны көтере алмай, жұбайы Жаһанбану дүниеден өтеді. Автор кейіпкердің осы сәттегі портретін *Күз жаңбырындай ағызып жасын... Жанып түсті қайғыдан түндей болып...* деген теңеулермен көркем бейнелейді. Психологиялық дағдарыстағы Шаһсауар патшаның көңіл-күйін автор Сәлімнің ақыл-кеңес беру эпизодымен өрістеткен. Онда туындының басты идеяларының бірі – Хаққа жалбарыну, ақырын тілеп сабырға келу, жетім-пақырларға қайыр-садақа беру жайы айтылады. *Жалбарынып Хаққа сабыр ет, Мұң, қайғыға өзіңді көп бере берме! Шыдамсыздық бұл іске жарамайды, Сабыр етер мұндайда төзімділікпен,* - дейді Сәлім. Сәлім сөзінде Жақып пайғамбардың басынан өткен жай мысалданады. Бұл сөз оған үлкен ой салады. Автор кейіпкер басындағы халден адамзаттық ой түйіп: *Бірақ адам көбінесе бейқамдықта зой, Тігіп көзін байлыққа азапта зой. Егер пендесі болса онымен [Жаратушымен], Оған оның [Алланың] мейірімі, жомарттығы көп болады,* - деп адамның тірліктегі пенделік істеріне көңіл аударады. Қандай жағдайда да сабыр сақтау мен төзімділік таныту, дүниеқұмарлыққа түспеу тәрізді шығарманың басты идеясы кейіпкер басындағы ситуациямен бірлікте өрбітілген. Тұтастай алғанда, дастанда жалаң дидактикалық сарын кездеспейді. Ғибратты ойлар, автор толғамы кейіпкер басындағы жағдаймен бірлікте айтылады.

Туындыда түс көру желісі кеңінен пайдаланылған. Фируз шаһ түсінде әкесінің мінәжат үстіндегі қайғылы халін көреді. Автор түс көру желісінде психологиялық параллелизм – жеміссіз жапырақ, жалаң ағаш бейнесі тәрізді көркемдік ұқсатуды орынды қолданған. Қазақ эпосында да баласы алыс жорыққа кеткенде, ата-ананың зарыға күтуі, жаудан не адамдықтан безген жақын туыстан қиянат көруі суреттеледі. Дастанда бұл желі тереңдетіліп берілген.

Әке мен бала арасындағы қиын жағдайда перінің қызы Назбой сұлудың мінезі ашыла түседі. Фируз шаһтың елін, ата-анасын ойлап, қайғылануы оны бейтарап қалдырмайды. *Қай жерге қадам бассаң ол жерде мен, Басымды [йейін] аяғыңа, қайда болсаң да сен* дейді Назбой сұлу. Қиындыққа ұшыраған Фируз шаһ пен Назбой сұлу арасындағы махаббат сезімі

қиын кезеңде бірін-бірі қолдауға негізделген. Махаббат пен өзімшілдік еш уақытта қабыспайтынын автор аңғартып өтеді.

Фируз шаһтың елге оралып, әкесімен кездесуі дастанда кең көлеммен жырланған. Анасының қайтыс болуы оны қайғыға душар етеді. *Ой, дариға-ай, ол қамқоршым тек, Түк көрмеген мұң мен михнатымнан басқа,* - деп зарланады. Шаһсауар патша баласынаелдің билігін береді. Туындыдағы басты ой қазығының бірі – іргесі берік, бейбіт мемлекет құру идеясы патшаның ұлына аманатымен айтылады. *Мына шаһар, мүлік, уалайат сенікі, Барлық түрік, тәжік, халқы [да] сенікі. Дұрыс жоспармен әділдікті негіз ет, Әділетпен мемлекетті абаттандыр* дейді патша ұлына әділдік пен қайырымдылық туралы сөз қозғап. *Қатыгездік түбі – бақытсыздық қой, Қатыгездіктің немен бітетіні белгілі зой. Болып рахымды – халықты шат қыл, Дұғада бірер бізді һәм еске ал.* Бұл бала күннен қатыгездікке кез болып, талай қиындықты, дүрбелең сәтті бастан кешкен автордың өмір тәжірибесінің түйіні болатын. Әділ патшалық туралы ой орта ғасырлық түркі әдебиетінде кеңінен қозғалды.

Ә. Дербісәлі Шаһсауар патшаның суреттелуіндегі кейбір детальдерді автор өмірімен байланыстырады. Поэмада ол ақылды, сабырлы, үлкен парасат иесі ретінде көрінеді. Өз иелігінде тыныштықтың орнауына күш салады. Озбырлық емес, әдептілік жолын қалайды. Бұл – автор идеясының көркем бейнеленуі... Шаһсауар патшаның құдайдан бала тілеп, ел кезіп кететін жері Мырза Мұхаммед Хайдар өміріне ұқсас [4, 32–33-бб.]. Тарихи-ғұмырнамалық еңбегінде ұлы ғалым: *бұл жаманнемеге дейін менің ата-анамның төрт қызы бар екен. Олар содан әулие-әнбиелер мазаратына зиярат етіп, ұлы Жаратушыдан ұл беруді сұрап жалбарынады. Ұзақ мінәжат пен тілекке толы жалбарыныштан соң өмірге мына жаманнеме келіпті* дейді [12, 194-б.].

Шаһсауар патша – дастанда біршама кеңінен суреттелген образ. Шығарманың негізгі бөлімінде ежелгі үнді аңыз сюжеттік желі құрғанмен, түркі елінің өмір-салты, дүниетанымы көрініс береді. Шаһсауар патша мен Қобыланды батырдың әкесі Тоқтарбай арасындағы табиғи жақындықты қиындықсыз аңғаруға болады.

Фируз шаһ пен перінің қызы Назбой сұлу. Дастанда Назбой сұлу перінің қызы деп аталады. Бұл туындының қиял-ғажайыптық сипатына жол ашқан. Қазақтың байырғы халық әдебиеті үлгісінде перінің қызы жағымсыз образ бейнесінде көрінеді. Бұл қазақ халқының өзіндік дүниетаным ерекшелігі деп білеміз. «Ер Төстік» ертегісіндегі перінің қызы Бекторы әр алуан қиындықтың, зұлымдықтың себепшісі болып бейнеленеді [13, 10-б.].

Дастандағы Назбой сұлу автордың суреткерлік идеясын образды жеткізудің құралына айналған. Оның қатысымен бас кейіпкер Фируз шаһтың сыр-сипаты ашылады. Шығыс хикаяларының желісіне құрылған қазақ дастандары мен поэманың сюжеттік ұқсастығы аңғарылады. Бозжігіт дастанында Бозжігіт түсінде қызды көріп ғашық болады. Қыз да оған түсінде ғашық екенін, зарыға күтуде екенін білдіреді [14, 21-б.]. Мұндай желі поэмада да бар. Бәрін біліп, үйреніп өскен Фируз шаһ жан-жақты еді. Жастық шағында құс өсіріп, аулап, киік атып, түлкі қуып аңшылықпен айналысады. Түн болса, ойын-сауық құрады. Қасындағы достары ұнамды еді. Сондай ойын-сауықты түнде сұлулардың берген кесесінен шарап ішіп, шаршап ұйықтап кетіп, түс көреді. Түсінде ғажайып бақ, керемет сарайлы перілер мекеніне кез болады.

Фируз шаһты перінің қызы патшазада бір көргеннен құрмет тұтады. Авторлық суреттеуде оның ешқандай зұлымдық ниеті байқалмайды. Ерекше сұлу екені суреттеледі. *Ерекшеленіп отыр бір перизат, Жүзі ай, көзі шолпан, бойы камшат,* - деп бейнелейді оны ақын. Қыз көркін суреттеудегі дәстүрлі ұғым қазақ халық әдебиетінде де кездеседі. Пері қызының ілтипатын бейнелеуде автор *Арылтты маңдайынан шаң тозаңын* деген көркем детальді пайдаланған.

М.Х. Дулатидың «Жаһан-наме» поэмасындағы «шарт қоюдың» көркемдік қызметі. Автор сөз өнерінің ерекшелігін, жанр табиғатын жақсы игерген. Дастан қиял-ғажайыптық оқиғаға құрылғанмен, шын мәнінде, әр эпизодтың астарынанавторлық терең ой, арман-мұраты мен наным-сенімі, адамдық тұлғасы танылады. Туындыдағы философиялық ойлардың берілу ерекшелігі әр түрлі: бірде ақынның өз атымен айтылса, бірде кейіпкердің ой-толғанысымен беріледі. Дастанның сюжеті шымыр. Оқиғаның дамуы қиыннан қиыстырылған. Композициясы шебер.

Негізгі бөлімдегі Назбой сұлудың Фируз шаһқа үш шарт қоюы сюжет тартысын күшейтіп, бас қаһарманның тұлғасын ашуда көркемдік қызмет атқарған. *Бұл үйге [үміт] мақсатпен келгенге қашан да, Бар үш шартым, ол егер дұрыс шеше алса, Мен онікі, менің тәжім, тағым онікі, Қандай байлығым [болса да], бақыт[ым], үй-жайым сонікі,* - дейді сұлу. Дастанның қиял-ғажайыптық сипаты Шаһсауар патшаның бір перзентке зар болуынан, Фируз шаһтың түсінде бір сұлуды көріп ғашық болуынан, аңға шыққанда, киікке кезігіп, оған ілесіп, перілер еліне аттануынан басталса, Назбой сұлудың Фируз шаһқа шарт қоюы қиял-ғажайыптық сипатты күшейткен. Бірақ қыздың шарты дастанның қызықтылығын арттырудың жеңіл жолы емес, кейіпкерлерді қозғалысқа түсіріп, ойлантип-толғантатын әрекет көзіне айналған.

Тақтың, үлкен бокалдың, білте шамның әңгімесінде дүние-болмыстың еш уақытта бір қалыпта тұрмайтыны, өзгерісте болатындығы аңғарылған. Бір кездегі жан-жағы көкпеңбек болған саялы ағаштың бүгінде қурағаны баяндалады. Алып таудың асқар шыңына айналып, *салбырап тәңірінің әмірімен әлемде мұңсыз тұрған* тастың жауын-шашынның, жел-құздың әсерімен түбі үгітіліп, жер сілкінгенде, уатылып түскені, одан соң бір ісмердің қолына түсіп, көздің жауын алатын бокалға айналғаны айтылады: *Етемін бұған шүкір ақырында, Жомарт Тәңірі мені еткені бұл пішінде,* - деп тас-бокал өзінің бұл күйіне ризашылық танытады. Мұндағы қандай жағдайда да тәубеге келу – қазіргі оқырманды да ойлантиатын философиялық түйін.

Фируз шаһтың тақтың, үлкен бокалдың, білте шамның әңгімелерін тыңдай отырып, өз тарапынан қызықты, тартысты әңгімені баян етуі және ол әңгімелердің шешімін ұйықтап жатқан Назбой сұлуға тіреп айтуы – дастанның сюжетін шириқтырған. Фируз шаһтың әңгімесі жұмбаққа құрылған.

Алғашқы әңгімеде *ғылымнан өзге іс істеп көрмеген* ғалым, зергер, тігінші, ұста – төрт дос оқиғасы суреттеледі. Жолаушылаған олар түн болып, тау арасындағы ескі рабатқа түнеп шығады. Жер қауіпті болғандықтан, түнімен кезектесіп күзетте отыруды ұйғарады. Өнерлі ұста рабат ішінен бір тақта ағашты көріп, одан алқызыл жүзді қыз мүсінін жасайды. Кезек тігіншіге келгенде, ол сұлу мүсінді әдемі етіп киіндіреді. Зергер оған жүзік, сырға білезік соғады. Таңсәріде кезек молдаға келеді. *Зерделеп көрсе, ұсталар Түгелдей көрсетінті онда өнер. Болып содан сол сәт молда мұңлы, Таһарат етіп келіп ол тап-таза боп. Өтеп екі ракат намазын ол содан, Көзінен ағызып жасын селдей. Басын иді де жерге [деді]: «О, Жаратқан! Сенің ұлылығың [алдында] әр нәрсе айқын,* - деп Аллаға шын жалбырынып, оған жан бітіруін сұрайды. *Алланың сақилық бұлтынан бір самал есіп, Тауып ол мүсіннің мұрны хош иіс. Кіріп жан, түшкіріп жүріп кетті, Таң атып, шығып күн, жарқырады жаһан.* Сөйтіп, молданың шын тілегі қабыл болады. Аңыз түйінінде мұсылмандық дүниетанымның шындығы көрініс берген. Фируз шаһтың екінші, үшінші әңгімесі басқа шығыстық ертегілік сюжетке құрылғанмен, шешімдері ұқсас келіп, жұмбақ-әңгіменің соңында мадақ-тілек Жаратқан Иеге бағытталады.

Фируз шаһ атынан баяндалатын оқиғаларда абсолюттік теңдік сипаты көрініс берген. Бірінші әңгімедегі төрт дос – зергер, тігінші, ұста, молданың, екінші әңгімедегі бек, сарбаз, тас ату шеберінің, үшінші әңгімедегі екі достың бастарындағы хал-ахуал мен іс-әрекеттерінде ортақ теңдік сипат байқалады. Олардың әрқайсысы ақырғы нәтижеге жетуде

тең дәрежеде қызмет жасайды. Бірақ әңгіменің шешімі мен кейіпкерлер әрекетіне Назбой сұлу тарапынан төрелік айтуда Аллаға шын жалбарынған адамның жолы болады. Аллаға мадақ, оның шексіз мүмкіндігіне жалбарыну – аңыздық оқиғалардың суреттелуінде басты мотивке айналған.

«Шарт қоюдағы» кейіпкерлердің іс-әрекеті мен басындағы әр алуан көңіл-күйін бейнелеуде автордың эпикалық қарымы кең. Эпизодтар қимыл-қозғалысқа толы. Екінші әңгімедегі ұйқыдан оянып кеткен диюдің аласапыран көңіл-күйі мен қимыл-әрекеті динамикамен бейнеленген: *Жүріп кеткен кезде елге жақын, Оянып кетіп дию олардан кейін. Басын түтін тұмшалап ашуланып, Долдықпенен жаны оттай жанып. Құйындай аспанда шыр айналып, Шығып бір кезде алып ұшып. Бұлттан найзағай жарқылдағандай түсіп, Демінен жаһан күйгендей жабысып*, - деп суреттейді автор.

Фируз шаһ әңгімелерінің сюжеттік желісі туралы шығыстанушы, әдебиет зерттеушісі С. Қосан дастанның сюжет құраушы мотивтері күрделі қабаттардан құралатынын, онда түркілік эпос стилі айқын көрініс тапқанмен, шығарма оқиғаларын шиеленістіре байланыстырушы – байырғы Шығыс ертегілері мен көне кітаби сарындар екендігін айтады. Фируз шаһтың бірінші әңгімесі ежелгі үнді ертегісі, кейін парсы тілінде жазба әдебиетке түсіп, «орта ғасыр романы» атанған «Тотынама» хикаяларынан алынғанын білдіреді [7, 272-б.]. Дастандағы шығыстық сюжеттік желілер мен З. Нахшабидің «Тотынама» кітабына енген хикаяларды салыстырғанда, аңыздық әңгімелердің түп төркіні анық байқалады [15, 48–53-бб.].

Ә. Дербісәлі дастанда автордың Саид хан ғана емес, өз отбасына қатысты деректерді де шығармашылықпен пайдаланғанын айтады. Мәселен, үшінші шарттағы екі дос хикаясына автордың әкесі Мұхаммед Хүсейін мен Ташкент билеушісі Махмұт хан арасындағы достық негіз болған секілді дейді зерттеуші [4, 41-б.].

Дастанындағы оқиғалардың сюжет аралық байланысында киік образының көркемдік қызметі аңғарылады. Қандай да оқиғаның, ситуацияның дәлелі мен себепшісі, байланысы болуы тиіс. Фируз шаһтың перілер еліне аттанып, Назбой сұлуды іздеп шығуда алдынан қашып, жеткізбеген киік себепші болады. Халық әдебиетінде киік образының осындай сюжетаралық байланыстырушылық қызметі өзге шығармаларда да кездеседі. «Мұңлық-Зарлық» ғашықтық қиссасындағы Шаншар хан мен Зарлық кездесуінде киік байланыстырушылық қызмет атқарған [14, 306-б.].

Шығармадағы автор образының көрінісі де әр алуан. Автор кей тұста оқиғаның баяндалуына, сюжеттің өрбуіне тікелей араласса, кей ретте өзін толқытқан басты идеяны образ арқылы жеткізіп, тасада қалады. Дегенмен, дастанның басталуынан соңына дейінгі құрылымда автордың гуманистік тұлғасы жетекші қызмет атқарады. Бұл ретте: «Автор – көркем өнердің ажырамас бөлшегі, тек ол кей кезде жасырын болады, кейде өз позициясын анық көрсетеді, кейде автордың мәтіндегі ықпалы басымырақ болса, кейде оқырманға еркіндік береді», - деп келетін қағиданың дұрыстығы дастаннан көрінеді [16, 159-б.].

Әдеби зерттеулерде дастан жоғары бағасын алды. Ғалым Ө. Күмісбаев Әбу Насыр әл-Фарабиден соң М.Х. Дулатидің Отанына оралуы тәуелсіз мемлекетіміздің мәдени өміріндегі аса ірі уақиға болғанын айтып, қазақ тіліне аударма жұмысы үлкен жауапкершілікпен, тыңғылықты ізденіспен атқарылғанына сүйсінеді. Дастанның көркемдік сипатын *ерекше бір шабыттың шыңына шығып отырып жазғанға ұқсайды* деп сипаттайды. Автор өзінің өмір жолын суреттеумен қатар тарихи оқиғаларды қамтиды, алайда поэманың басты дінгегі – махаббат, адалдық, сүйіспеншілік екеніне тоқталады. Ақын адам тағдыры туралы толғанып, өмір домбыраның қос ішегі тәрізді: кейде қуаныш, кейде мұң, кейде азап, кейде шаттық күндері келіп отыратыны айтылады [5]. Профессор Қ. Әбдәзұлы туындыда автордың түркілік дүниетаным биігінен ой толғауына мән беріп, сюжеттік дамудағы тақырыптық-

идеялық түйіндеулерді ой-парасат, имандылық сабақтарымен байланыстыра қорытындылап отыратынын атап өтеді [6, 118-б.].

Қорытынды

Ұлттық әдебиет пен мәдениеттің қайнар бастауын тануда Мырза Мұхаммед Хайдар Дулатидің «Жаһан-наме» дастанының орны ерекше. Туындыны Берлин және Қашқар нұсқаларынан салыстыра отырып аударып, ғылыми транскрипциясын жасаған академик Ә. Дербісәлінің еңбегі ұлттық руханиятқа қосылған зор үлес болды. Ғалымның қолы жәдігерге үлкен қиындықпен жетті. Берлин кітапханасы қолжазба қорындағы асыл дүние көп уақыт бойы қолына тимей жүрді. Тек 1994 жылы Мюнхен университетінің оқытушысы Лидия Клетцель ханымның көмегі арқасында дастан көшірмесі туған елге оралды. Автордың ізденісі мұнымен тоқтамады. Шыңжан өлкесіне іссапармен барған кезінде әдебиетші-ғалым Әбдікәрім Рахман Қашқар қаласынан дастанның бір көшірмесі табылғанын айтады. Оны да сәтімен елге жеткізген ғалым туындыны зерттеу, аудару ісіне кіріседі. Ендігі ретте құнды әдеби жәдігерді игеріп, ғылыми айналымға енгізу, жоғары оқу орындарында оқытып, қалың оқырманның игілігіне айналдыру – уақыт талабы. Дулати есімі аталғанда, ең алдымен оның әлемдік деңгейдегі тарихшы екендігі аталады. Оның дарынының өзге қырлары, оның ішінде ақындығы көп айтыла бермейді. Шын мәнінде, ол жан-жақты дарын иесі. Зерттеу объектісіне айналған дастан – соның белгісі. Автор көркем шығарма табиғаты мен талабын жақсы сезінген және оны биік деңгейде орындап шыққан.

Дастанның қазақ әдебиетіндегі дәстүрлік жалғастығы арнайы зерттеуді қажет етеді. Шәкәрімнің «Қалқаман-Мамыр», «Еңлік-Кебек» дастандарында негізгі оқиғасы жырланбастан бұрын, туындының жазылу тарихы, қандай оқиға өзек болғалы отырғаны, кімдердің басынан өткені баяндалады. Мұндай үлгі бертінге дейін жалғасқан. Қазақтың тұңғыш романы Міржақып Дулатовтың «Бақытсыз Жамалының» кіріспесінде де заман, уақыттың белгісі, автордың өзі жайында мәлімет берілген. Әдебиеттегі дәстүр шығарманың авторы кімдікі екендігін, болмаса ондағы суреттелетін оқиғаның уақытын, кейіпкерлерінің өмірлік дерегін анықтауда маңызды орын алады. Шын мәнінде, «Жаһан наме» дастанының авторлық негізі осы игі дәстүрдің негізінде айқындалып отыр.

Шығарманың әлі де зерттелуі қажетті қырлары мол. Ә. Дербісәлі туындыларын парсы және түркі тілдерінде қатар жазған Лүтфидің, өзге де Орта Азиялық және парсы әдебиеті өкілдерінің автор шығармашылығына әсер-ықпалы болғанын жазады. Поэманың тілдік құрамы да арнаулы зерттеуді керек етеді.

ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. Ahmet Zaki Walidi. Ein Turkisches Werk von Haidar Mirza Duglat // Bulletin of the School of Oriental Studies. (University of London). – 1937. – №8. – P. 985–989.
2. Стори Ч.А. Персидская литература. Био-библиографический обзор. В трех частях. / Пер. с англ., перераб. и доп. Ю.А. Брегель. Часть 2. – М.: Главная редакция Восточной литературы, 1972. – 699 с.
3. Султанов Т.И. Тюркские версии «Тарих-и Рашиди» и их место в средневековой восточнотуркестанской историографии // Петербургское востоковедение. Выпуск 9. – СПб.: Центр «Петербургское Востоковедение», 1997. – С. 356–383.
4. Мырза Мұхаммед Хайдар Дулати Жаһан наме (Дастан) / Ауд. және құраст. Әбсаттар қажы Дербісәлі. – Алматы: Білім, 2006. – 432 б.
5. Күмісбаев Ә. «Жаһан наме» және Әбсаттар Дербісәлі // Түркістан. – 2007, 2 маусым.
6. Әбдезұлы Қ. Таным көкжиегі. – Алматы: Арыс, 2009. – 272 б.
7. Қосан С. «Жаһан наме» дастанының сюжеттік ерекшеліктері: Ғылыми жинақ. – Тараз: Тараз университеті баспасы, 2018. – 320 б.

8. Құлбарак С. М.Х. Дулатидің «Жаһан наме» поэмасындағы «шарт қоюдың» көркемдік қызметі. Кіт.: Қазақстан мен Шығыс елдері: тарихи-мәдени және рухани мұралар сабақтастығы. – Алматы: Арыс, 2017. – 304 б.
9. Ахмет Йүгінеки Ақиқат сыйы / Ауд. Ә. Құрышжанов, Б. Сағындықов. – Алматы: Жазушы, 1985. – 320 б.
10. Қожа Ахмет Иасауи. Хикмет. Жинақ. / Ауд. М. Жармұхаммедұлы, М. Гафиғи, С. Дәуітұлы, Е. Дүйсенбай. – Алматы: «Мұраттас» ғылыми-зерттеу және баспа орталығы, 1998. – 170 б.
11. Ақсауыт. Батырлар жыры. Екі томдық. I том. – Алматы: Жазушы, 1977. – 367 б.
12. Мирза Мухаммад Хайдар. Тарих-Рашиди / Введение, пер. с перс. А. Урунбаева, Р.П. Джалиловой, Л.М. Епифановой. – Ташкент: Изд. «Фан» АН РУз, 1996. – 350 с.
13. Қазақ халық әдебиеті. Көп томдық. Ертегілер. 7-т. – Алматы: Жазушы, 1989. – 302 б.
14. Субханбердина Ү. Ғашық-наме. Шығыс хикаяларының желісіне құрылған қазақ дастандары. – Алматы: Жазушы, 1976. – 472 б.
15. Нахшаби З. Тотынама / Қазақ тіліне тәржімалаған Ә. Қоңыратбаев, Т. Қоңыратбай. – Алматы: Жазушы, 2005. – 328 б.
16. Қамбарова С., Жұмақаева Б.Д., Толысбаева Ә.Т. Әдебиеттану ғылымындағы автор теориясының даму өрісі: өткені мен бүгіні // Ясауи университетінің хабаршысы. – 2023. – №3(129). – Б. 147–159.

REFERENCES

1. Ahmet Zaki Walidi. Ein Turkisches Werk von Haidar Mirza Duglat // Bulletin of the School of Oriental Studies. (University of London). – 1937. – №8. – P. 985–989.
2. Story Ch.A. Persidskaia literatura. Bio-bibliograficheski obzor [Persian literature. Bio-bibliographic review]. V treh chastiah. / Per. s angl., pererab. i dop. Iu.A. Bregel. Chast 2. – M.: Glavnaia redakcia Vostochnoi literatury, 1972. – 699 s. [in Russian]
3. Sultanov T.I. Tiurkskie versii «Tarih-i Rashidi» i ih mesto v srednevekovoi vostochnoturkestanskoi istoriografii [Turkic versions of “Tarikh-i Rashidi” and their place in medieval East Turkestan historiography] // Peterburgskoe vostokovedenie. Vypusk 9. – SPb.: Centr «Peterburgskoe Vostokovedenie», 1997. – S. 356–383. [in Russian]
4. Myrza Muhammed Haidar Dulati Jahan name (Dastan) [Jahan-nama. Dastan]. / Aud. jane qurast. Absattar qajy Derbisali. – Almaty: Bilim, 2006. – 432 b. [in Kazakh]
5. Kumisbaev O. «Jahan name» jane Absattar Derbisali [Jahan-nama and Absattar Derbisali] // Turkistan. – 2007, 2 mausym. [in Kazakh]
6. Abdezuly Q. Tanyim kokjiegі [Horizons of knowledge]. – Almaty: Arys, 2009. – 272 b. [in Kazakh]
7. Qosan S. «Jahan name» dastanynyn siujettik erekshelekteri: Gylymi jinaq [Plot features of the saga “Jahan-name”: scientific collection]. – Taraz: Taraz universiteti baspasy, 2018. – 320 b. [in Kazakh]
8. Qulbaraq S. M.H. Dulatidin «Jahan name» poemasyndagy «shart qoiudyn» korkemdik qyzmeti. Kit.: Qazaqstan men Shygys elderi: tarihi-madeni jane ruhani muralar sabaqtastygy [The artistic activity of “setting conditions” in the poem “Jahan-name” by M.H. Duglat. In: Kazakhstan and the countries of the East: the continuity of historical, cultural and spiritual heritage]. – Almaty: Arys, 2017. – 304 b. [in Kazakh]
9. Ahmet Iugineki Aqiqat syiy [Aqiqat syiy/Gift of truth] / Aud. A. Quryshjanov, B. Sagyndyqov. – Almaty: Jazushy, 1985. – 320 b. [in Kazakh]
10. Qoja Ahmet Iasauі. Hikmet. Jinaq [Hikmets. Collection]. / Aud. M. Jarmuhammeduly, M. Gafigi, S. Dauituly, E. Duisenbai. – Almaty: «Murattas» gylimi-zertteu jane baspa ortalygy, 1998. – 170 b. [in Kazakh]
11. Aqsauyt. Batyrlar jry [Aksauyt. Song of heroes]. Eki tomdyq. I tom. – Almaty: Jazushy, 1977. – 367 b. [in Kazakh]
12. Mirza Muhammad Haidar. Tarih-Rashidi [Mirza Muhammad Haidar. Tarikh-i Rashidi] / Vvedenie, per. s pers. A. Urunbaeva, R.P. Djalilovoi, L.M. Epifanovoi. – Tashkent: Izd. «Fan» AN RUz, 1996. – 350 s. [in Russian]

13. Qazaq halyq adebieti. Kop tomdyq. Ertegiler [Kazakh folk literature. Multi-volume. Fairy tales]. 7-t. – Almaty: Jazushy, 1989. – 302 b. [in Kazakh]
14. Subhanberdina U. Gashyq-name. Shygys hikaialarynyn jelisine qurylgan qazaq dastandary [Gashyq-name. Kazakh sagas, created on the network of eastern stories]. – Almaty: Jazushy, 1976. – 472 b. [in Kazakh]
15. Nahshabi Z. Totynama [Totynama] / Qazaq tiline tarjimalagan A. Qonyratbaev, T. Qonyratbai. – Almaty: Jazushy, 2005. – 328 b. [in Kazakh]
16. Qambarova S., Jumaqaeva B.D., Tolysbaeva A.T. Adebiettanu gylmyndagy avtor teoriasynyn damu orisi: otkeni men bugini [Development of Author Theory in Literary Studies: Past and Present] // Iasau universitetinin habarshysy. – 2023. – №3(129). – B. 147–159. [in Kazakh]